

құжаттармен таныстырады, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен шарт жасасады;

8) мектепке дейінгі ұйымға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді.

8.3. Кәсіпорынды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидасы бойынша құрылады

8.4. Алқалық басқару нысаны болып Педагогикалық кеңес, Қамқорлық кеңесі танылады. Кеңестердің жұмысын ұйымдастыру ережесі, олардың тағайындалу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес бекітіледі.

8.5. Білім беру ұйымындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және алдын-алу шараларын қабылдауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады.

9-тарау. ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫМЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Кәсіпорынның білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен, мектепке дейінгі ұйымдардың қызметінің Үлгілік қағидаларымен белгіленеді.

9.2. Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдері және педагог, тәрбиешілер болып табылады.

9.3. Кәсіпорында педагогикалық қызметпен айналысуға білімі және біліктілігінің тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған педагогикалық білімі бар адамдар жіберіледі.

9.4. Педагогикалық қызметке соттың үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған, сондай-ақ өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар тұлғалар жіберілмейді.

9.5. Қызметкерлермен және педагогтардың барлық лауазым орындарына жоғарғы білімді тұлғалар жеке еңбек шартына қол қойғаннан кейін меңгерушінің бұйрығымен орналастырылады. Кей жағдайларда мұндай лауазымдарға арнаулы орта білімі бар тұлғалар да орналастырылады.

9.6. Есепші лауазымына білімдері бар, конкурс арқылы өткен, еңбек шартына қол қойған тұлғалар қабылданады.

9.7. Педагогикалық және қосымша қызметкерлерді меңгеруші жұмысқа қабылдап, босатады.

9.8. Кәсіпорынның педагогикалық жұмыскерлері құқылы:

- 1) Оқу үдерісін басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 2) Бес жылға бір рет төрт айдан артық емес мерзімде жұмыстан қол үзбей бюджет қаражаты есебінен өз біліктілігін арттыруға;
- 3) Санатын жоғарылату, қызметін өсіру мақсатында мезгілінен бұрын аттестациядан өтуге;
- 4) Мектепке дейінгі білім беретін мекемелердің педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға арналған 56 күнтізбелік